

Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша регламенттеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы мәслихатының 2013 жылғы 9 тамыздағы N 4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 29 тамызда N 2348 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы мәслихатының 2016 жылғы 25 сәуірдегі N 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы мәслихатының 25.04.2016 N 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10-бабына сәйкес, бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша регламенттеу мақсатында Петропавл қалалық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Петропавл қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу орны Набережная көшесіндегі Жеңіс саябағы анықталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Петропавл қалалық мәслихат
сессиясының төрағасы*

*Петропавл қалалық
мәслихат хатшысы*

Г. Семенова

Л. Жалмұқанова